

ТҮРКІШІЛДІК ИДЕЯ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*филология ғылымдарының кандидаты.,
доцент Алдабек Нұргүл Әбдіразаққызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
Университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: nurgul74_74@mail.ru*

Төрткіл дүние жаһандану дәуірін бастан кешіп жатқан бүгінгі аласапыран уақытта мақсаты мен мүддесі бір, тарихи тамыры тереңнен байланысып жатқан елдер өзара бірігіп, ынтымақтаса тіршілік етуге ұмтыла бастады. Бұл үдеріс кездейсоқ емес, тарихи тамырлас ұлттар арасында жүріп жатқан өзіндік заңдылықтарға бағынған өмір ағымы.

Халқының саны 2 миллионға жуықтайтын түркілер адамзат тарихының мәдениетіне айрықша үлес қосқандығы тарихтан белгілі. Даңқты бабаларымыз әлемдік мәдениет пен өнердің түрлі салаларында өшпес із қалдырды. Қазіргі таңда түркі дүниесі кең байтақ Еуразия аумағындағы 40-тан астам ұлт пен ұлыстың басын біріктіреді.

Тарихи тамырластық, тіл, дін, діл-бұлар түркі әлемін біріктіретін негізгі белгілер. Осыларды бір-бірінен ажырамастай етіп біріктіретін рухани көпір-түркішілдік идеясы. Бұл идея тіл бірлігі мен дін бірлігі негізінде келген мәдени ағым.

Тарих беттерін парақтасақ, жалпы түркішілдік идеясы сонау Түркі қағанатының тұсында тасқа қашалып жазылған жәдігерлерден бастау алып, бертінгі Осман империясы құлағанға дейін ұласты. Одан кейінгі түркішілдіктің рухани негізін қалаушылардың бірі-Қожа Ахмет Яссауи екені белгілі. Ол түркі халықтарының Ислам діні айналасындағы рухани бірігуінің негізін қалады. Алғаш рет түркі тілінде діни кітаптар жазып, барлық түркі тектес халықтарға ортақ құндылықтарды тілге тиек етті.

Түркішілдік ағымы содан кейінгі уақытта да кеңінен етек жайып, сонау Анадолы жеріне, Осман мемлекетінен Алтайға дейінгі ұлан-ғайыр жерлердегі өмір сүріп жатқан түркі халықтарының рухани азығына айналды.

Түркітілдес халықтарға ортақ мұралар болып табылатын-Орхон-Енисей жазбалары, «Құтадғу білігі», «Диуани лұғат-ат түрік», «Диуани Хикмет», «Кодекс куманикус» секілді жауһарлар ұлттардың өзара жақындығын, тектестігін білдіретіндігі баршамызға белгілі. Қазақ халқында да ерте кезден-ақ мәдени һәм әдеби байланыстардың болғандығын ауыз әдебиетіндегі Қожанасыр, Жиренше шешен, Алдар Көсеге қатысты аңыз-әңгімелерден, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Көроғлы» секілді батырлық дастандардан, «Қозы -Көрпеш-Баян сұлу» сияқты ғашықтық жырлардан көруге болады. Әрі бұл байланыстардың бастау көзі тым ертеден

басталады. Бұл пікірімізге дәлел ретінде белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасовтың пікірін келтірер болсақ: «Егер «Алпамыс» әр түрлі атаумен және әр алуан көлемде қазақта, өзбекте, башқұртта, қырғызда, алтайлықтарда болса, «Қорқыт» туралы әңгіме-жырлар қазақта, башқұртта, түркіменде, әзірбайжанда, түрікте бар. Ал «Қозы -Көрпеш-Баян сұлудың» нұсқалары қазақта, башқұртта, татарда, алтайлықтарда, телеуіттерде, ұйғырларда сақталған. Осыншама халықта бір жырдың болуы, әрине, тегін емес. «Алпамыс» та, «Қорқыт» та, «Қозы -Көрпеш-Баян сұлу» да ең алғаш сол баяғы түркі елдерінің бірлігі тұсында пайда болған деп ойлаймыз».

Қарақалпақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, татар, түрікмен, әзірбайжан т.б. халықтардың фольклорлық үлгілері мен қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларының ұқсастықтары жайында отандық ғалымдарымыз бірқатар еңбектер жазды. Өзара ұқсастықтар мен ортақ белгілер көркем туындылардың тақырыбынан, мазмұны мен композициясынан, жанрлық сипатынан және кейіпкерлер бейнесінен, образды сомдаудан айқын аңғарылады. Мысалы, «Алпамыс» жыры қарақалпақ, башқұрт, татар, өзбек халықтарында Алпамыс туралы ертегі, аңыздар түрінде кеңінен таралған. Түркі халықтарының фольклорындағы мұндай ұқсастықтар эпостық жырларда ғана емес, ауыз әдебиетінің басқа да салаларында кездеседі. Туысқан елдердің көне дәуірлердегі тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары бір-бірімен ұқсас болып келеді. Қазақтың төл өнері саналатын айтыс қарақалпақ, өзбек халықтарында ұшырасатындығы туралы да нақты деректер бар. Мұндай ұқсастықтардың себебін зерттеушілер сол халықтардың тарихи тұрмысының бірлігінен деп түсіндіреді.

Алайда әдеби байланыстарды, көркем шығармалардың туыстығын жалаң ұқсастық белгілеріне қарап үстірт белгілеуге болмайды. Бұл арада ұқсастық, сәйкестік заңдылықтарының себебін айқындауға, оның ішінде тарихи генетикалық, тарихи мәдени, тарихи типологиялық үндестіктер мен сарындастықтарға баса мән беруіміз қажет.

XVIII-XIX ғасырлардағы Батыс пен Ресей империясының әлемдік иелікке ұмтылысы түркішілдік идеясының қарқынын бәсеңдетті. Дегенмен Түркиядағы жас түріктер қозғалысы секілді қозғаушы күштердің әсерінен Таяу Шығыс елдері ғана емес, Ресейдегі түркі мұсылмандары қайта ояна бастады. Мысалы ертүріктің ұрпақтарын әділдікке, ерлікке үндеген Теврик Фиореттің (1867-1915) «Түркиялық түріктердің Отаны-Түркістан, Отаны байтақ, мәуелі бір өлке, ол-Тұран» секілді өлең жолдарынан түркішілдік ойдың айқын бедері көрінеді.

Түркішілдік ағымы XIX ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына қайта көтерілді. Отаршыл Ресейдің боданы болған түркі халықтарының ұлт-азаттық күрестері осы түркішілдік идеясы мен туы астында дамыды. Түркиядағы Зия Гөкалп, Хусейн Нихал Атсыз, Алпарслан Түркен секілді қоғам қайраткерлері өз дәуірінде түркішілдік идеяның ғылыми негізін қалыптастырды. Оның бүкіл елдік идеологияға айналуына күш салды.

Өткен ғасырға дейін түркілер ұрпақ санасында тек қатыгез, жабайы көшпелі ел ретінде сақталынып келді. Тек XX ғасырдың соңына таман ежелгі

түркілердің қоғам дамуына, білім мен ғылымның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқандығы жайлы нақты айтыла бастады. Әсіресе түркі халықтарының мәдениеті бүгінгі таңда аса маңызды қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде бағалануда.

Түркі жұртының бірігу мәселесін кезінде қазақ халқының Алаш арыстары да көтерген болатын. Тұтасу, бірігу арқылы азаттыққа апаратын түркішілдік идеяны олар жаппай қуаттады. Алаш арыстары ұлт мүддесі тұрғысынан ой өрбітіп, Ресейдің боданында отырған түркі халықтарына қатысты ортақ мәселелерді күн тәртібіне қойды. Ұлт зиялылары мәдени – ағарту орындарын көбейту, баспасөзін ісін дамыту, халықтың экономикалық жағдайын жақсарту секілді әлеуметтік–экономикалық, тұрмыстық, саяси және мәдени-идеологиялық мәселелерді көтерді. Тіл, дін бостандығын талап етті.

XX ғасырдың басында түркі халықтарының рухани алмасуы біршама жандана түсті. Сөз өнері иелерінің шығармашылық қатынастарының жаңа формалары қалыптаса бастады. Әдеби қарым-қатынастардың нәтижесінде ұлт қаламгерлері өзара шеберлік тәжірибелерін меңгерді. Сонымен қатар белгілі көркемдік ұстанымдар шығармашылық түрде игеріле бастады. Сөйтіп әдебиетте, өнерде, мәдениетте ұлттық болмыстың қайта жаңғырып, әлемдік үрдіске ілесуі айқын аңғарылды. Бұған дәлел болар деректерді сол кезеңдерде өзара тығыз қарым-қатынастар жасаған қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз тағы басқа түркі халықтары әдебиетінен көруге болады.

Алайда отаршылдық құрсауында отырған түркі халықтарының әдеби және мәдени қарым-қатынастарының қалыптасуы оңайға түскен жоқ. Түркілік алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерінің әрбір іс-әрекеті қатаң бақылауға алынды. Орталық қалалар мен аймақтардағы жаңаша оқу үлгісіндегі мектеп, медреселердегі татар, башқұрт, қырғыз, қазақ, өзбек мұғалімдері мен шәкірттері қара тізімге ілінді. Сонымен қатар түрлі газет-журналдардың да таралымы қатаң бақыланды. Түркі халықтарының мәдени, рухани жақындасулары отаршыл үкіметке «пантүркішілдік», «панисламдық» белгілерді елестетті.

Түркілік түп негізге бастайтын түркі халықтарының ой-санасы, әсіресе бауырлас түркі халықтарының қоғам қайраткерлері, зиялыларының XX ғасырдың басындағы Түрік мемлекетіндегі тәуелсіздік үшін жүргізген ұлт-азаттық күрестерді қолдайтындықтарын білдіріп, баспасөз беттерінде жарияланған көсемсөздері, өлеңдері империялық өкіметтің үрейін туғызды. Қазақтың ұлт ақыны М.Жұмабаевтың:

Япырм-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бүккан?!

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік

Алтайға, ата мирас алтын таққа.

-деп келетін өлең жолдарын құрайтын «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінің негізгі мотиві-түркі бірлігі, бостандығы. Бүкіл Еуропа жұртын аузына қаратқан «ер түріктің» ұландарын рухтандыратын ақын өлеңдері жалғыз бұл емес, бірнешеу.

Жалпы, түркішілдіктің түпкі мақсаты- қанауға түскен халықтардың санасына қозғау салып, ынтымақ, бірлігіне ұйытқы болу болатын. Өз дәуірінің перзенті Сұлтанмахмұт Торайғыров та ұлт ұланы, түркі түлегі ретінде осы идеяға өзіндік үн қосты. Ол:

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен

Бір кезде Еуропанды тітіреткен.

– деп түркілігін, қазақтығын мақтаныш етті. Мағжан, Сұлтанмахмұттардың замандастары, бауырластары Қырымдық ақын Дәкемилъ Керменчикли де:

Мен-бір түрік, аңдарсыздар сөзімнен,

Қасіреттің жасы парлар көзімнен,

-деп тұтас түркі халқының тағдырын толғады.

Жоғарыда атап өткеніміздей XX ғасырда түркі халықтарының әдебиетіндегі шығармашылық байланыстардың жандануына, тақырыптық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан дамуына көптеген факторлардың ықпалы болды. Дәлірек айтқанда түркі халықтарының ортақ отарлық езгіде болуы, соның негізінде пайда болған азаттық идеялардың тоқайласуы, түркішілдік идеясы жекелеген ақын-жазушылардың өзара ықпалдасуына түрткі болды. Сонымен бірге түркі жұртының ақындары мен жазушылары көркемдік-идеялық дамудың көнеден бері жалғастық тапқан жазу мәдениетінің ізгі дәстүрлеріне сүйене отырып, шеберліктің жоғарғы сатысына көтерілді. Атап айтқанда, татар әдебиеті әлем әдебиетінің жетістіктерін тиімді пайдалана отырып, өзінің көркемдік деңгейін стильдік және жанрлық аспектіде байытты.

Татар әдебиеті басқа түркі халықтарының жазушылары мен оқырмандарының қызығушылығын оятты. Әсіресе татар әдебиетіндегі әйел тағдыры тақырыбын татар қаламгерлері түрлі бағыт, формаларда жете меңгерді. Феодалдық және капиталистік қоғам жағдайындағы шығыс әйелдерінің шынайы болмысы мен тағдырын суреттейтін татар әдебиетіндегі туындылар (Ғ.Тоқай, М.Ғафури, Ғ.Камал т.б) басқа түркі тілдес халықтар әдебиетіне әсер етіп, үлгі болғандығы айқын. Сонымен қатар осы арада татар әдебиетінің түркі әдебиеттері арасындағы байланыстардың дамуына зор ықпал жасағандығын мойындауымыз керек.

Түркі тілдес халықтардың сөз зергерлері гуманизм идеяларын насихаттап, халықтың мақсаты мен мүддесін дәріптеді. Отаршылдықпен күрес, азаттыққа, білімге, ғылымға ұмтылу, тәуелсіздікті дәріптеу- түркі әдебиеттеріне ортақ, негізгі тақырыптар болды. Осы арада жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық байланысқа түсуі заңды құбылыс екендігі аңғарылады. Олар бір-бірінің шығармашылығынан өзара рухани ләззат, азық ала отырып, бір-бірінің творчествосына еліктей бастады. Бұл сөзімізге бір ғана дәлел ретінде М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы мен қырғыздың

ақыны Қасым Тыныстановтың «Жаңыл-мырза» дастанының идеялық мотиві мен мазмұндауында ұқсастық, ой ортақтағының бар екендігін көреміз. Дәл осы кезде кеңес идеологтары оларды «ұлтшыл», «түркішіл» деп атап, татар және қазақ баспасөз беттерінде жарияланған шығармаларын орынсыз сынап, теріс айыптаулар таққан болатын.

Қазақ және қырғыз ақындарының да шығармаларының идеялық мотиві, сюжеттері ұқсас, үндес. Әйгілі 1916 жылдың оқиғалары қырғыз, қазақ ақын-жазушыларының өзекті тақырыбына айналды. Жалпы, мұндай типологиялық ұқсастықтың негізгі факторлары, алдымен сол елдердің бір қоғамдық формацияда өмір сүруі, яғни дәуір тынысы, заман болмысының әсері десек, екіншіден, мұның себебін генетикалық байланыстан іздеу орынды. Мәселен, қырғыз ақыны Молда Қылыштың «Бүркіттің тойы» мен С.Дөнентаевтың «Бозторғай» мысал өлеңінің сюжеттік желісінде айырмашылық болғанымен, түпкі идеясы, айтар ойы бір. Деректерге қарағанда қырғыз ақыны Қасым Тыныстанов 1901-1937 жылдары өзінің шығармашылық жолын қазақ тілді ақын ретінде бастаған. Алғашқы өлеңдер жинағындағы он екі өлеңін қазақ тілінде бастырған.

Халық пен халықты жақындататын ұлт зиялылары, ой алыптары. Осы ретте алдымен Шығыстың жарық жұлдыздары атанған Рудаки, Фирдоуси, Руми, Хафиз, Омар Наям, Сағди, жәми, Абай секілді тұлғаларымыздың да есімдерін атап өткен орынды. Олар теңдесі жоқ туындыларымен Батыс жұртын да тамсандырып кетті.

Өкінішке орай кеңестер одағы тұсында бүкіл шығыс-түркі жұртына тиеселі бұл ортақ қазыналар, асыл мұралар түбегейлі зерттелінбеді. Баға жетпес көне жәдігерлеріміздің тарихылығы мен поэтикасы, көркемдік эстетикалық келбеті шынайы айқындалмады. Әдеби туындылар бір ғана ұлттың еншісі ретінде, тар шеңберде қарастырылды. Күллі түркі жұртына тән тыныс-тіршілік, таным-түсінік зерттеу аясынан тыс қалды. Дегенмен де түркі халықтарының ортақ тарихына, әдеби байланыстарына қатысты ғылымда едәуір еңбектер жасалынды. Бұл мәселеде отандық ғалымдарымыз Ш.Уәлиханов, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, Ш.Сәтбаева, А.Егеубаев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев т.б көне түркі мұраларының тілдік, стильдік, поэтикалық тұрғыдағы сабақтастықтарына қатысты зерттеулер жазды.

Әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымында көне және орта ғасырлардағы рухани мұралардың күллі түркі халықтары әдебиеттерінің қайнар көзі, түп негізі екендігі дәлелденіп, оның тарихылығы, жалпы поэтикасы және көркемдік, дәстүрлі жалғастығы ғылыми тұрғыдан бірқыдыру зерттелінді деуге толық негіз бар. Десек те, әлі де ғалымдар түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби ескерткіштерді әдіснамалық және тарихи-мәдени үдерістер негізінде қарастыру керек деп санайды. Ғалым Р.Нұрғали қазақ әдебиетінің көне түркі және орта ғасырлық әдебиеттермен тамырластығын анықтау үшін тарихи һәм мәдени ескерткіштерді жан-жақты қарастырып, сол ескерткіштер

дәуірін кезең-кезеңімен, поэтикалық стиль және бағыттар бойынша қарастыруды ұсынды.

Тарихи деректерден екі ғасыр аралығында түркі жұртының арасында мәдени-рухани алмасуларды растайтын деректерді кездестіруге болады. Мәселен ұлы Абай Маржани шәкіртінен дәріс тындаса, «құйрықты жұлдыз» атанған Ш.Уәлиханов татар ғалымы Х.Фаизхановпен достық, әрі ғылыми қатынас жасаған. Сонымен қатар Ш.Жәңгіров, Т.Ізтілеуовтер Бұқар, Самарқан шаһарларындағы мектеп-медреселерде оқып білімін жетілдірген. Олар «әліпбимен» сауат ашып, «кәлимаға» тілін келтіріп, жаһан жаңалықтарын білуге құмартты. Түркі жұртының қайраткер ұлдары ортақтасып, халықтың рухани оянуы жолында аянбай еңбек етті. Әсіресе XX ғасырдың алғашқы жартысында түркі ұлыстарының тұтасуынан басталып, ұлт болып ұласуына жалғасқан тарихи-мәдени үдерісте айрықша роль атқарған түркішіл тұлғалардың есімдерін атай кеткен жөн. Олар қазақ С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, татар Дәрдменд, Ғ.Тоқай, М.Жәлел, түрік Мехмед Эмин, Халид Зия, Әзиз Несин, қырғыз Қасым, Сыдық және т.б шығармаларында түрікшілдікті дәріптеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау басым болды. Олар өркениеттің өресіне жол ашты.

Түркішілдік идеяның жандануына, түркі халықтарының рухани алмасуының жалғасуына XIX-XX ғасыр аралығында түркі қоғамында жүріп жатқан тарихи-мәдени үдерістер де өзіндік ықпал етті. Оның айқын белгісін сол тұстағы баспасөз ісінің өркендеуінен көруге болады. Ұлттық, тәуелсіздік қанау, үздіксіз басқыншылық жағдайында болса да, түркі жұрты екі ғасыр аралығында баспасөз бостандығына ие бола алды. Алғашқы қазақ кітаптарының татар, башқұрт, өзбек жеріндегі баспаханаларда жарық көруі түркі ұлыстарының өзара рухани алмасу жасауына септігін тигізді.

Кітап басу ісінің тууы мен қалыптасуында да татар және орыс баспагерлерінің рөлі өте зор болды. Баспаханалардағы көркем шығармашылық саласындағы бай мұралар тек татар тілінде ғана емес, түркі оқырмандары оқи да, жаза да білетін араб, парсы және орта ғасырлық түркі тілдерінде жарық көрді. Кітап әлеміндегі жаңалықтар түркі халықтары әдебиеттерінің тектестік, тамырластық байланыстарының өркендеуіне тиімді жағдай туғызды.

Әсіресе қазақтардың татар, башқұрт, өзбектермен шығармашылық қарым-қатынастары жемісті болды. Қазақ, қырғыз балалары ескі татар тіліндегі әліппемен әлемдік пәндерді оқып үйренді. XIX-XX ғасыр аралығында мектеп, медреселерде оқитын қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен т.б ұлт жастарының саны өсті. Бұл белгілі бір деңгейде түрік, татар тілдеріндегі кітаптардың туысқан халықтар арасына кеңінен таралуына, сатылауына түрткі болды. Сонымен қатар қазақ ауылдарында татар мұғалімдерінің ұстаздық етуі мен медресе шәкірттерінің алыс аймақтарға шығып, бала оқытуы араб әрпінде, ортақ түркі тілде шыққан оқулықтар мен түрлі әдеби шығармаларға сұраныс тууына жағдай жасады.

Түркі халықтары басылымдарының ұқсас даму тенденциясы, ортақ бағыт-бағдары болды. Түрлі тарихи факторлар түркі зиялыларының бір мақсат ұстап, болашақты дұрыс бағамдайтын бағыт-бағдар ұстауға итермеледі. Өкімет органдарының қатаң қысымына қарамай, көптеген газет-журналдар прогресшіл идеяларды жақтап, саяси-әлеуметтік тақырыптарға назар аудара бастады. Көптеген ақын, жазушы, көсемсөз иелері ағартушылық ұстаныммен қатар тәуелсіздік, азаттық мәселесін көтеруді қолға алды. Бүкіл түркі жұртын тіл бірлігіне, дін тұтастығына шақырған ұрандар көбейді. Атап айтқанда ЗәкиУәлиди, Мұстафа Шоқайлар және тағы басқалар азат және тұтас Түркістан үшін өз өмірлерін арнаған тұлғалар еді.

Жалпы тұтастыққа негізделген түркішілдік тұжырымдарды сол кездегі қай ұлттың өкілі, қай партияның мүшесі болмасын-бәрінің де ой-пікірлерінен кездестіретініміз хақ. Түркішіл тұлғалардың түпкі мақсаты-шығыс мұсылман халықтарының территориялық қана емес, рухани бірлігін сақтап, түп, тіл, дін тұтастығына жол ашу, сөйтіп өркениеттің өресінен, мәдениеттің сөресінен көріну еді.

Қазіргі таңдағы түркішілдік-бір мемлекет аясында бірігу, яғни бір ұлт, бір мемлекет идеясын ұсынбайды. Түркішілдік идеясының қазіргі кезеңдегі негізгі ұстанып отырған бағыты-рухани һәм мәдени бірлікке қол жеткізу арқылы ғасырлар бойына созылған бір-бірін жатсыну сезімін жою, түпкі бауырластықты қалпына келтіру. Сонымен қатар түркі әлемінің ортақ мәселелерін бірлесе отырып шешу.

Әлемге кең құлашын жая бастаған жаһандану үдерісі түркі халықтарының ең алдымен рухани сипатына қауіп төндіретіні жасырын емес. Сондықтан түркілерге ортақ мәдениет, дәстүрлерді сақтап, ынтымақтастықты нығайту басты назарда болуы қажет.

Түркі халықтары тілі ұқсас болса да осы кезге дейін әр түрлі әліпби қолданып жүргені баршаға аян. Тіпті латын әліпбиін пайдаланатын бірқатар түркі тілдес елдердің жазуы да бір ізге түскен жоқ. Міне осындай түйткілді мәселеге орай бүгінде тіл мамандары алдымен түркіге ортақ термин жасап, ортақ жазу жағдайын қалыптастыру мәселесін көтеріп жүр. Бұған қоса түркітілдес халықтарға ортақ әдебиет тарихын қалыптастыру жағы да әдебиетші ғалымдар тарапынан жиі айтылып жүр. Ол үшін ең алдымен ежелгі дәуірлердегі әдеби жәдігерлерімізді, мұраларымызды түгендеп, зерттеп, жарыққа шығаруды күшейтуіміз қажет. Мұның барлығы әрине біртұтас түркі идеологиясына қызмет ететіні даусыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Анталияда өткен түркі тілдес мемлекет басшыларының саммитінде «Түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасы» атты халықаралық бағдарламаны бірлесіп көтеріп, ортақ әдебиетіміз бен мәдениетімізді әлемдік деңгейде насихаттау керектігін баса айтқан еді. Ол үшін мыңдаған жылдық тарихы бар жазба мұраларымызға қатысты антологиялар шығарып, оны әлем тілдеріне тәржімалау қажеттігін ортаға салған болатын. Сонымен қатар ол түркі тілдес халықтардың көркем, ғылыми және танымдық әдебиеттерінің бірыңғай ортақ қорын құру туралы тың бастама көтерген еді.

Түркі сөз өнерінің құдіретін насихаттау-түркі мәдениетін, түркі өркениетін әлемдік деңгейде таныту. Қадым замандардан бері тарих сахнасындағы түрлі хандықтар мен сұлтандықтар, әмірліктер тұсында өмір сүрген шайырлар, билікке қарсы сын айта білген от ауызды ақындар, дүниені кезген дәруіштер, бір қолына қалам, енді біріне қару алып, жалынды жырлар жазған хас ұландар, міне бұлардың барлығы түркі сөз өнерінің дамуына өз үлестерін қосты. М.Қашғари, Ж.Баласағұн, А.Иүгінеки, Ж.Емре, Ө.Науаи, Лүтфи, С.Сараи, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Н.Хикмет, Ғ.Тоқай, Ш.Айтматов, М.Жәлел, т.б тек түркі жұртының ғана емес, әлемдік әдебиеттің асыл қазынасына айналды. Түркінің бай ауыз әдебиетімен сусындап өскен, батырлық рухымен қайраттанған, шығыстың ақындық мектебін де терең меңгерген олар түркі сөз өнерінің көркемдік деңгейін кеңейтіп, поэтикалық қуатының артуына ықпал етті.

Осындай мол рухани дүние, асыл сөз маржандарын зерттеу, жариялау және әлемдік деңгейде насихаттау- кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Күні бүгінге дейін тек бір ұлттың ғана еншісіне айналып, сол халықтың дүниетанымы тұрғысынан ғана зерттелініп, жарияланып жүрген әдеби туындылардан екінші бір туыстас халықтардың рухани мол азық алатыны сөзсіз.

Қазіргі кезде түркі тілдес халықтардың өзара саяси-экономикалық және рухани қарым-қатынастары нығайып келеді. Көне түркілер тарихын, одан бергі дәуірлердегі түркі тектес халықтардың мәдениетін, өнерін т.б. байланыстарын зерттеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу-бүгінгі әлемдік деңгейдегі мәселе, идеология болуы тиіс.